

## "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (жұмыспен қамту орталығы)" кәсіптік стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 714 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 19810 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 228 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2024 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 18.08.2022 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (жұмыспен қамту орталығы)" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және болжау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Е. Ж. Жылқыбаевқа жүктелсін

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Б. Нурымбетов

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2019 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 714 бұйрығымен  
бекітілген

## **"Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (жұмыспен қамту орталығы)" кәсіптік стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (Жұмыспен қамту орталығы)" кәсіптік стандарты біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және мемлекеттік заңды тұлғалар көрсететін қызметтерге қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдар - кәсіптік білімді, дағдыларды, жеке адамның мүдделерін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптер таңдауда, жұмыс түрін ауыстыруда және біліктілікті арттыруға практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

2) біліктілік - қызметкердің кәсіби даярлық дәрежесі, жұмыстың белгілі бір күрделілік дәрежесін орындау үшін қажетті білімінің, шеберлігінің және дағдыларының болуы;

3) біліктілік деңгейі - еңбек әрекеттерінің күрделілік, стандарттан тыс болуы, жауапкершілігі мен дербестігі параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің дайындығы мен құзыреттілігі деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

4) білім - оқыту және жеке тәжірибе арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория және практика жиынтығы; міндетті түрде бағалауға жататын біліктілік компоненті;

5) бос орын - жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазымы);

6) еңбек нарығы - жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру саласы;

7) еңбек функциясы - еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

8) жеке жұмыспен қамту агенттігі - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, еңбек делдалдығын көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

9) жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынастарында тұрған жеке немесе заңды тұлға;

10) жұмысқа орналастыру - халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

11) жұмыссыз адам - жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

12) жұмыссыздық - жұмыс күшінің бір бөлігінің еңбек нарығында талап етілмегендіктен болатын әлеуметтік-экономикалық құбылыс;

13) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау - Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет жүзеге асыратын шаралар кешені;

14) консультант - өтініш берген адамға консультация беретін халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкері;

15) кәсіп - қызметкердің кәсіби даярлық дәрежесі, жұмыстың белгілі бір күрделілік дәрежесін орындау үшін қажетті білімінің, шеберлігінің және дағдыларының болуы;

16) кәсіптік кіші топ - еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттіліктермен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

17) кәсіптік оқыту - Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтар (кәсіптер) алу мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды қамтитын білім беру ұйымдарында не білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілер ұйымдарының жанындағы оқу орталықтарында оқыту;

18) кәсіптік топ - ортақ интеграциялық негізі бар (мақсаты, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттердің жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

19) құзыреттілік - қызметкердің кәсіптік және еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

20) салалық біліктілік шеңбері - салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

21) халықты жұмыспен қамту - жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты, Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін, табыс немесе кіріс әкелетін еңбек қызметі;

22) халықты жұмыспен қамту орталығы - жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды

ұйымдастыру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын іске асыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

23) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары - Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жұмыссыздар, жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңында көзделген жағдайларда өзге де адамдарды мемлекеттік қолдау шаралары;

24) ізденуші - консультация, ақпарат алу үшін және еңбек делдалдығына жәрдемдесу үшін халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш білдірген азамат;

25) ізденушілермен жұмыс жөніндегі маман - ізденушілер үшін еңбек делдалдығын жүзеге асыруға, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары, лайықты жұмыс таңдау және оқуға тарту жөнінде консультация беру жөніндегі уәкілетті халықты жұмыспен қамту орталығының лауазымды адамы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы кәсіптік стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

БА-басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

ҰБШ - Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ - Салалық біліктілік шеңбері;

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ХЖҚО - халықты жұмыспен қамту орталығы.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (жұмыспен қамту орталығы)".

5. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: халықты жұмыспен қамту саласындағы кәсіби қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне, еңбек функцияларына, қызметкерлердің біліміне, шеберлігіне, дағдылары мен жеке құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін жүйелік және құрылымдық сипаттама.

6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:

жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (жұмыспен қамтуға орталығы) кәсіптік қызметті қарайтын:

халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және даму болжамын жүзеге асыру, халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске асыруды жүзеге асыру;

өтініш білдірген адамдарды жұмыс іздеушілер және жұмыссыз ретінде тіркеуді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-еңбек саласындағы ақпараттық және консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асыру;

әлеуметтік кәсіби бағдарлау бойынша қызмет көрсету;

жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға қолайлы жұмыс таңдауда көмек көрсету;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен өзара іс - қимылды жүзеге асыру;

бос жұмыс орындарының (бос орындардың) есебін жүргізу;

жұмыспен қамтудың жеке картасын жүргізу;

жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға және өзге де өтініш білдірген адамдарға еңбек делдалдығын көрсету;

халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтердің аутсорсингін жүзеге асыру және халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың іске асырылу барысына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру;

әлеуметтік келісімшарт жасасу;

жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама беруді жүзеге асыру;

атаулы әлеуметтік көмек тағайындау бойынша өтінішті тіркеуді жүзеге асыру

;

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын көрсету қарастырады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.11.2022 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Кәсіптік топ:

бизнес және әкімшілік саласындағы кәсіби мамандар;  
құқық, гуманитарлық облыстар мен мәдениет саласындағы кәсіби мамандар;  
экономикалық және әкімшілік қызмет бойынша қосалқы кәсіби персонал.

8. Кәсіптік кіші топ:

адам ресурстарын басқару саласындағы кәсіби мамандар;  
персоналды іріктеу және пайдалану саласындағы кәсіби мамандар;  
персоналды оқыту және дамыту жөніндегі кәсіби мамандар;

халықтың әлеуметтік осал топтарымен әлеуметтік жұмыс бойынша кәсіби мамандар;

адам ресурстарын басқару жөніндегі қосалқы кәсіби персонал.

### **3-тарау. Кәсіптер карточкалары**

9. Кәсіптер тізбесі:

1) орталық директоры - СБШ бойынша біліктіліктің 7 деңгейі;

2) жұмыспен қамту орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) басшысы - СБШ бойынша 7 біліктілік деңгейі;

3) жұмысқа орналастыру бойынша инспектор – СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

4) ізденушілермен жұмыс бойынша маман – СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

5) жұмыс берушілермен жұмыс бойынша маман – СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

6) кәсіптік бағдарлау маманы – СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

7) болжау және мониторинг бойынша маман – СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

8) жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты - СБШ бойынша біліктіліктің 5-6 деңгейі;

9) жұмысқа орналастыру бойынша кеңесші - СБШ бойынша біліктіліктің 4 деңгейі;

10) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша қызметші - СБШ бойынша біліктіліктің 4 деңгейі;

11) жұмыс берушілермен байланыс бөлімінің қызметшісі СБШ бойынша біліктіліктің 4 деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандарт қосымшасында келтірілген.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.11.2022 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу  
(жұмыспен қамту орталығы)"

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.11.2022 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

<b>"Орталық директоры" кәсібінің карточкасы</b>	
Кәсіп коды	1210-0-057
Кәсіп атауы	Орталық директоры
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7-деңгей
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсібі үшін біліктілік деңгейі	Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (әлеуметтік, экономикалық, заңгерлік) және халықты әлеуметтік қорғау немесе Жұмыспен қамту жүйесіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе қызмет саласындағы басшылық лауазымдарында кемінде 2 жыл.
Кәсіптік білім беру деңгейі	Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (әлеуметтік, экономикалық, заңгерлік)
	Машықтану мен дағдылар: 1. Халықты жұмыспен қамту орталығының қызметіне басшылық жасау және оның жұмыс нәтижелеріне жауапты болу. 2. Халықты жұмыспен қамту орталығының перспективалық және ағымдағы даму жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. 3. Халықты жұмыспен қамту орталығына ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру 4. ХЖҚО қызметтері туралы халықты ақпараттандыруды ұйымдастыру мақсатында іскерлік келіссөздер жүргізу және көпшілік алдында сөз сөйлеу тәсілдерін пайдалану, әлеуметтік әріптестермен іскерлік қатынастар орнату. 5. Халықты жұмыспен қамту саласында автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру. 6. Жеке және заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асыру. 7. Жаңа техника мен технологияларды, еңбекті басқару

мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану.

8. ХЖҚО мамандары үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны сақтау бойынша мәселелерді шешу.

9. Еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту бойынша жұмыстар жүргізу.

10. Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау.

11. ХЖҚО Қаржы-шаруашылық қызметін басқару.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Конституциясы (бұдан әрі - Конституция).

Кәсіпкерлік Кодексі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң).

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталын сүйемелдеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 92 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін

1-міндет: ХЖҚО қызметі бойынша жұмысты ұйымдастыру қызметтер көрсетуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға басшылық ету және басқару

мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18343 болып тіркелген).

"Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18445 болып тіркелген).

2. ХЖҚО бейіні, мамандануы және ерекшеліктері.

3. Жұмыспен қамту саласындағы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің функциялары.

4. Демографиялық ахуал, өңірдің ( каланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.

5. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының даму перспективалары және құрылымдық өзгерістері.

6. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.

7. Қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсетудің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Машықтану мен дағдылар:

1. Халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және дамуын болжауды жүзеге асыру, Халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету.

2. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске асыруды ұйымдастырады.

3. Жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға лайықты

1 еңбек функциясы: ХЖҚО қызметін басқару және ұйымдастыру

жұмыс таңдауда жәрдем көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

4. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Конституция.

Заң.

"Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

"Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13938 болып тіркелген).

"Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрығы. (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 26747 тіркелген).

"Мүгедек адамдарға арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 280 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15858 болып тіркелген).

"Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды,

2-міндет: ХЖҚО  
Қызметтерін ұсыну бойынша  
жұмысты ұйымдастыру

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 болып тіркелген).

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және халықты жұмыспен қамту орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 259 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17199 болып тіркелген).

"Жұмыспен қамтудың жеке картасының нысанын және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 576 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14056 болып тіркелген).

"Мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 280 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15858 болып тіркелген).

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу және кепілдедік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11426 болып тіркелген).

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның ( отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5757 болып тіркелген).

"Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13921 болып тіркелген).

2. ХЖҚО бейіні, мамандануы және ерекшеліктері.

3. Жұмыспен қамту саласындағы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің функциялары.

4. Демографиялық ахуал, өңірдің ( қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.

5. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының даму перспективалары және құрылымдық өзгерістері.

6. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.

1. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл бойынша; жұмыс іздеушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша, оның ішінде жұмысқа

	<p>1-міндет: Үйлестіру жұмысы</p>	<p>орналастыру үшін квоталар белгіленетін жұмыстарды үйлестіру.</p> <p>2. Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын көрсету және халықты жұмыспен қамту бойынша жұмыстарды үйлестіру.</p> <p>3. Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және консультациялық қызметтер ұсыну бойынша жұмыстарды үйлестіреді.</p> <p>4. Халықтың түрлі топтарын ескере отырып, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуді үйлестіру.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Нормативтік құқықтық актілер: Конституция. Заң. Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.</p> <p>3. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының даму перспективалары және құрылымдық өзгерістері.</p> <p>4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.</p>
	<p>2-міндет: ХЖҚО мамандарының іс-әрекетінің тиімділігін мониторингтеу және бақылау</p>	<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <p>1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша Халыққа қызмет көрсету бойынша мамандар қызметінің тиімділігіне мониторинг және талдау жүргізу.</p> <p>2. ХЖҚО мамандарын аттестаттаудан өткізу.</p> <p>3. Мамандардың лауазымдық нұсқаулықтарын орындауын, сапасы мен мерзімі бойынша құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.</p>

2 еңбек функциясы: ХЖҚО қызметін үлестіру

4. Халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың іске асырылу барысына мониторинг және бақылауды жүзеге асыру.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1041 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12666 болып тіркелген).

"Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингін ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 255 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17193 болып тіркелген).

"Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 256 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17186 болып тіркелген).

"Халықты жұмыспен қамту саласындағы аутсорсинг қызметтері шеңберінде ұсынылатын қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19

		<p>маусымдағы № 258 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17170 болып тіркелген).</p> <p>"Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер Жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17168 болып тіркелген).</p> <p>2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық нормалар саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері.</p>
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	Коммуникация дағдылары, клиентке бағдарлау, эмоционалдық қайырымдылық, күйзеліске төзімділік, нәтижеге бағдарлау, тәлімгерлік, жауапкершілік, орындаушылық, риясыздық.	
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	8-денгей	Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары
БА-мен байланыс	Жұмыспен қамту орталығының директоры	"Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының бұйрығы (бұдан әрі - халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары).

<b>"ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) басшысы" кәсібінің карточкасы</b>	
Кәсіп коды	1222-0-008
Кәсіп атауы	ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) басшысы

СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7-деңгей	
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсібі үшін біліктілік деңгейі	Біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, заңгерлік) білім және жұмыс өтілі халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы немесе тиісті бейіндегі ұйымдардағы лауазымдарда кемінде 1 жыл.	
Кәсіптік білім беру деңгейі	Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (әлеуметтік, экономикалық, заңгерлік)	
	<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеу, халықтың түрлі топтары мен санаттарын ескере отырып жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі іс-шараларға ұсыныстар даярлауды ұйымдастыру және бақылау</li> <li>2. Халықты ХЖҚО қызметтері туралы хабардар етуді ұйымдастыру мақсатында іскерлік келіссөздер жүргізу және көпшілік алдында сөз сөйлеу тәсілдерін пайдалану, әлеуметтік әріптестермен іскерлік қарым-қатынас орнату.</li> <li>3. ХЖҚО мамандарын аттестаттаудан өткізу.</li> <li>4. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету.</li> <li>5. Жеке және заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асыру.</li> <li>6. Жаңа техника мен технологияларды, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану.</li> <li>7. ХЖҚО мамандары үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны сақтау бойынша мәселелерді шешу.</li> <li>8. Еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.</li> </ol>	

1 еңбек функциясы: ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің қызметіне басшылық ету

1-міндет: ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің жұмысын ұйымдастыру

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Конституциясы (бұдан әрі - Конституция).  
Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі - Кодекс)

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң).

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1041 бұйрығы (Нормативтік құқытық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12666 болып тіркелген).

Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және санитария-гигиеналық нормалар саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері.

3. ХЖҚО бейіні, мамандануы және ерекшеліктері.

4. Жұмыспен қамту саласындағы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің функциялары.

1. Халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және даму болжамын жүзеге асыру, халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету.

2. Халықтың әртүрлі топтарын ескере отырып, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау; ізденушілердің жұмысқа орналасуына

2-міндет: ХЖҚО Қызметтерін ұсыну бойынша жұмысты ұйымдастыру

жәрдемдесу, оның ішінде жұмысқа орналасу үшін квоталар белгіленетін жұмыстарды ұйымдастыру.

4. Ауданда (қалада) ағымдағы Бос орындар мен болжанатын жұмыс орындарының дерекқорын, жүгінген азаматтар мен жұмыспен қамтылмаған тұрғындар қатарынан мамандардың деректер банкіні қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

5. Халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың іске асырылу барысына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Конституция.

Заң.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Қазақстан Республикасында мүгедегі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.

3. Өңірдің (қаланың, ауданның) ұйымдарының даму

		<p>перспективалары және құрылымдық өзгерістері.</p> <p>4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.</p> <p>5. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға көмек көрсетудің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.</p>
<p>Еңбек функциясы 2: ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіру</p>	<p>1-міндет: Үйлестіру жұмысы</p>	<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <p>1. Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын көрсету және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.</p> <p>2. Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу және консультация беру қызметтерін көрсету бойынша жұмыстарды үйлестіру.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Нормативтік құқықтық актілер: Конституция.</p> <p>Заң.</p> <p>Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.</p> <p>3. Өңірдің (қаланың, ауданның) ұйымдарының даму перспективалары және құрылымдық өзгерістері.</p> <p>4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.</p>
		<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <p>1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша халыққа қызмет көрсету жөніндегі мамандар қызметінің тиімділігіне мониторинг және талдау жүргізу.</p> <p>2. Мамандардың олардың лауазымдық нұсқаулықтарын орындауын, сапасы мен мерзімі</p>

	2-міндет: ХЖҚО мамандарының іс-әрекетінің тиімділігін мониторингтеу және бақылау	<p>бойынша құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.</p> <p>3. Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Нормативтік құқықтық актілер: Кодекс.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық нормалар саласындағы нормативтік құқықтық актілері.</p> <p>3. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.</p> <p>4. ХЖҚО бейіні, мамандануы және ерекшеліктері.</p>
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	Коммуникация дағдылары, клиентке бағдарлау, эмоционалдық қайырымдылық, күйзеліске төзімділік, нәтижеге бағдарлау, тәлімгерлік, жауапкершілік, орындаушылық, риясыздық.	
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	7-деңгей 8-деңгей	ХЖҚО директоры (мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның бірінші басшысы). Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары.
БА-мен байланыс	Жұмыспен қамту орталығы құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) бастығы	Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары.

<b>"Жұмысқа орналастыру бойынша инспектор" кәсібінің карточкасы</b>	
Кәсіп коды	3333-0-008
Кәсіп атауы	Жұмысқа орналастыру бойынша инспектор
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6-деңгей
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері	<p>Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:</p> <p>жоғары санатты маман: жоғары білім және жұмыспен қамту жүйесіндегі жұмыс өтілі біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман лауазымында кемінде 3 жыл;</p> <p>бірінші санатты: жоғары білім және халықты жұмыспен қамту саласында біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман лауазымында жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p>

лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсібі үшін біліктілік деңгейі	екінші санат: жоғары білім және халықты жұмыспен қамту саласында біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі; санаты жоқ: жоғары білім, еңбек өтіліне талап қойылмайды.	
Кәсіптік білім беру деңгейі	Жоғары білім.	
	1-міндет: ХЖҚО-ға өтініш білдірген адамдарды бастапқы қабылдауды жүргізу және тіркеу	<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ХЖҚО-ға жүгінген адамдардың қажеттіліктерін, ізденушіге құрмет көрсете отырып, ізденушінің қажеттіліктерін, оның ХЖҚО жүгіну себептерін мұқият тыңдап және оған жауап бере отырып түсіну.</li> <li>2. ХЖҚО-ға жүгінген адамдармен өзара түсіністікті орнату: ашық, сенім атмосферасында әңгімелесуді қолдау және ізденушінің жағымды көңіл-күйін қалыптастыру, лайықты жұмыс іздеу бойынша бірлескен қызметке ынталандыру.</li> <li>3. Ізденушінің алдыңғы жұмыс тәжірибесін, мансаптық күтуі мен қалауын ескере отырып, оның жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге мұқтаждық дәрежесін талдау және анықтау.</li> <li>4. Ізденушілерді: жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар ретінде тіркеу мақсатында ізденушінің құжаттарын бастапқы тексеру және талдау жүргізу.</li> <li>5. Жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына қарай жұмыс іздеушілерді санаттар бойынша бөле білу.</li> <li>6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жұмыс істей білу және әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелерін қолдана білу.</li> <li>7. Жеке және заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асыру.</li> </ol> <p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Конституциясы (бұдан әрі – Конституция).</li> </ol> <p>"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң).</p>

Еңбек функциясы 1: Еңбек делдалдығын көрсету

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Сақтандыру туралы Заң).

"Қазақстан Республикасында мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы (бұдан әрі - Қаулы).

Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.

2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.

3. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының құрылымдық өзгерістерінің перспективалары.

4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.

5. Жеке тұлғаның және азаматтардың жекелеген санаттарының психологиясының ерекшеліктері.

6. Қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсетудің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.

Машықтану мен дағдылар:

1. Ізденушінің кәсібін (лауазымын), оның кәсіби даярлығы мен біліктілік деңгейін, жұмыс тәжірибесі мен дағдыларын, жалақы деңгейін, жұмыс уақыты режимін, сондай-ақ ізденушінің бос жұмыс орны үшін жұмыс берушілер белгілеген басқа талаптар мен шарттарға сәйкестігін бағалау.

	<p>2-міндет: Бос жұмыс орындарын іріктеу (лайықты жұмыс)</p>	<p>2. Түсіндіруге ізденушіге талаптар Жұмыс берушінің тілі, қол жетімді түсіну үшін ізденушінің.</p> <p>3. Аутсорсинг туралы шартқа сәйкес еңбек делдалдығы мәселелері бойынша Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігімен өзара іс-қимыл жасау.</p> <p>4. Талдау және салыстыру жұмыс берушінің талаптары үміттерімен ізденушінің ұсынған кезде ізденушіге лайықты жұмыс.</p> <p>5. Жұмыс іздеушіні бос жұмыс орнына жұмысқа орналастыру кезінде жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу.</p> <p>Білім:</p> <p>1. Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Заң. Қаулы. Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.</p> <p>3. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының құрылымдық өзгерістерінің перспективалары.</p> <p>4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.</p> <p>5. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары іс-шараларының тиімділігін бағалау.</p>
		<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <p>1. Кеңес, ақпарат алу үшін және еңбек делдалдығына жәрдемдесу үшін ХЖҚО-ға жүтінген адамдардың есебін жүргізу.</p> <p>2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру іс-шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p>

1-міндет: Атқарылған жұмысты қорытындылау және талдау

3. Өңірлік еңбек нарығына талдау жүргізу.

4. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары саласындағы тиісті құжаттаманы ресімдеу.

5. Халықты жұмыспен қамту саласындағы талдамалық және статистикалық ақпаратты жинақтайды және белгіленген мерзімде мемлекеттік органдарға ұсынады.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер: Сақтандыру туралы Заң.

Заң.

Қаулы.

Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.

"Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18445 болып тіркелген).

2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары іс-шараларының тиімділігін бағалау.

3. Халықты жұмыспен қамту саласындағы тәртіп пен құжаттама .

Машықтану мен дағдылар::

1. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары және ХЖҚО көрсететін қызметтер туралы ізденушілерді хабардар ету.

2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндігі туралы ізденушілерге түсінікті тілде түсінікті түрде түсіндіру.

2-еңбек функциясы:  
Ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу

2-міндет: Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша ізденушілерді хабардар ету

3. Бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу.

Білім:

1. Нормативтік құқықтық актілер:  
"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

Сақтандыру туралы Заң.

Заң.

Қаулы.

Халықты жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5757 болып тіркелген).

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу және кепілдедік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11426 болып тіркелген).

"Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13921 болып тіркелген).

2. Демографиялық ахуал, өңірдің (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі.

		<p>3. Өңір (қала, аудан) ұйымдарының құрылымдық өзгерістерінің перспективалары.</p> <p>4. Өңірлік еңбек нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары.</p> <p>5. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары іс-шараларының тиімділігін бағалау.</p>
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	Ізденушіге бағдарлау, нәтижеге бағдарлау, күйзеліске төзімділік, эмоционалдық қайырымдылық, шыдамдылық, талдау және салыстыру қабілеті, командада жұмыс істеу, жауапкершілік, орындаушылық, риясыздық.	
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	7-деңгей	ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының) басшысы
БА-мен байланыс	ХЖҚО әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшісі ХЖҚО құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) маманы ХЖҚО ассистенті	Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары.

<b>"Жұмысқа орналастыру бойынша инспектор" кәсібінің карточкасы</b>		
Кәсіп коды	3333-0-008	
Кәсіп атауы	Жұмысқа орналастыру бойынша инспектор	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5-деңгей	
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсібі үшін біліктілік деңгейі	<p>Біліктілігі орта деңгейдегі маман:</p> <p>жоғары санатты маман: техникалық және кәсіптік білім және халықты жұмыспен қамту саласындағы жұмыс өтілі біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты маман лауазымында кемінде 3 жыл;</p> <p>бірінші санатты: техникалық және кәсіптік білім және халықты жұмыспен қамту саласында біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>екінші санат: техникалық және кәсіптік білім және халықты жұмыспен қамту саласында біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман лауазымында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>санаты жоқ: техникалық және кәсіптік білім, мамандығы бойынша жұмыс өтіліне талап қойылмайды.</p>	
Кәсіптік білім беру деңгейі	Техникалық және кәсіптік білім беру.	
		<p>Машықтану мен дағдылар:</p> <p>1. ХЖҚО-ға жүгінген адамдардың қажеттіліктерін, ізденушіге құрмет көрсете отырып, ізденушінің қажеттіліктерін, оның ХЖҚО жүгіну себептерін мұқият тыңдап және оған жауап бере отырып түсіну.</p>

2. ХЖҚО-ға жүгінген адамдармен өзара түсіністікті орнату: ашық, сенім атмосферасында әңгімелесуді қолдау және ізденушінің жағымды көңіл-күйін қалыптастыру, лайықты жұмыс іздеу бойынша бірлескен қызметке ынталандыру.

3. Ізденушінің алдыңғы жұмыс тәжірибесін, мансаптық күтуі мен қалауын ескере отырып, оның жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге мұқтаждық дәрежесін талдау және анықтау.

4. Ізденушілерді: жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар ретінде тіркеу мақсатында ізденушінің құжаттарын бастапқы тексеру және талдау жүргізу.

